

P 2010
26654

ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ



ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ

ESKI KAZAK HUKUK DUNYASI

THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылып отыр

Алматы
«Жеті жарғы»
2009

«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің құрамы

Әшімбаев М. С., кеңес төрағасы

Асқаров Ә. А., жауапты хатшы

Абдрахманов С.

Атабаев Қ. М.

Аяған Б. Ғ.

Әбусейітова М. Қ.

Әжіғали С. Е.

Әлімбаев Н.

Әуезов М. М.

Байпақов К. М.

Балықбаев Т. О.

Есім Ғ.

Жақып Б. Ө.

Қасқабасов С. А.

Қойгелдиев М. Қ.

Құл-Мұхаммед М. А.

Қырықбаев А. О.

Мәжитов С. Ф.

Мұхамедиұлы А.

Мыңбай Д. Қ.

Нысанбаев Ә. Н.

Салғара Қ.

Самашев З.

Сариева Р. Х.

Сейдімбек А. С.

Сұлтанов Қ. С.

Тұяқбаев Қ. Қ.

Түймебаев Ж. Қ.

Хұсайынов К. Ш.

Р 2010/2665к

ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ
ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI
THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



ҚҰЖАТТАР, ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР
ОН ТОМДЫҚ

МАТЕРИАЛЫ, ДОКУМЕНТЫ
И ИССЛЕДОВАНИЯ
В ДЕСЯТИ ТОМАХ

X ТОМ

Бас редакторы және «Бағдарлама» жетекшісі
Ұлттық ғылым академиясының академигі Зиманов С.З.

Том жетекшісі: Зиманов С.З.

Әзірлеушілер: Зиманов С.З., Жаубасова С.Е.,
Дауталиев Қ.Н., Хайдаров Б.К., Исмагамбетова З.Ж.

Редакция алқасы:

Зиманов С.З., заң ғылымдарының докторы
(Редакция алқасының төрағасы);
Әбішев К.А., заң ғылымдарының кандидаты;
Құл-Мұхаммед М.А., заң ғылымдарының докторы;
Мәми Қ.А., заң ғылымдарының докторы;
Мұхамеджанов Б.Ә., заң ғылымдарының докторы;
Нәрікбаев М.С., заң ғылымдарының докторы;
Сапарғалиев Е.С., заң ғылымдарының докторы;
Сафинов Қ.Б., заң ғылымдарының докторы

Главный редактор, руководитель «Программы»,
академик Национальной академии наук Республики Казахстан
С.З. Зиманов

Руководитель тома: С.З. Зиманов.

Подготовили: С.З. Зиманов, С.Е.Жаубасова, К.Н. Дауталиев,
Б.К. Хайдаров, Исмагамбетова З.Ж., Бакирова А.О.

Редакционная коллегия:

Зиманов С.З., доктор юридических наук,
Абишев К.А., кандидат юридических наук,
Кул-Мухаммед М.А., доктор юридических наук,
Мами К.А., доктор юридических наук,
Мухамеджанов Б.А., доктор юридических наук,
Нарикбаев М.С., доктор юридических наук,
Сапарғалиев Г.С., доктор юридических наук,
Сафинов К.Б., доктор юридических наук.

34(=512.122)(091)

УДК 340
ББК 67.3 (5 қаз)
Қ 19

КАЗАХСТАН


«ИНТЕЛЛЕКТУАЛ—ПАРАСАТ» ЗАҢ КОМПАНИЯСЫ
ЮРИДИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ «ИНТЕЛЛЕКТУАЛ—ПАРАСАТ»

Қ 19 **Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов.** Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С. З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша.—Алматы: Жеті жарғы, 2009. («Интеллектуал—Парасат» заң компаниясы). 10-том.—2009.—592 бет.
ISBN 9965-11-308-4

Бұл томға 2008 жылдың 22–23 мамырында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен «Интеллектуал—Парасат» заң компаниясының бірлесе ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен «Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары іріктеліп беріліп отыр. Қазақ құқығы мен қазақ билер соты туралы соңғы кездерде Қытайда жарық көрген материалдар қоса ұсынылады. Том соңында «Қазақтың ата заңдары—Древний мир права казахов» атты еңбектің 9 томдарына атаулық және пәндік көрсеткіш берілген.

Бұл еңбек көшпелі қазақ қоғамының құқығы мен әділсотын, рухани мұраларын зерттеуші ғалымдарға, оқытушыларға, жоғары оқу орнының аспиранттары мен студенттеріне және қазақ тарихын сүйіп оқитын көпшілікке арналған.

Қ 1203010000—023 54—2009
419(05)—2009



УДК 340
ББК 67.3 (5 қаз)

ISBN 9965-11-308-4 (Т.10)
ISBN 9965-11-141-3

- © «Жеті жарғы» ЖШС, 2009
- © Авторлар ұжымы, 2009
- © Зиманов С.З., Жаубасова С.Е., Дауталиев Қ.Н.
Хайдаров Б.К., Исмагамбетова З.Ж., құраст., 2009
- © Көркемдік безендірілуі, «Баур плюс» ЖШС, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақтың ата заңдарының» соңғы X томы тұтастай **«Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі»** атты Халықаралық ғылыми конференцияға арналады. 2008 жылдың 22—23 мамырында «Интеллектуал—Парасат» заң компаниясы және Республиканың Жоғарғы Соты ұйымдастырған аталмыш ғылыми іс-шара Алматы қаласының шетіндегі «Алатау» шипажайында өткізілген болатын. Конференцияның ең кем дегенде екі тұрғыдағы тиімділігін атауға болады. Біріншіден, «Интеллектуал—Парасат» заң компаниясының қызметкерлер тобы түрлі материалдар, құжаттар мен зерттеулердегі қазақ заңдылықтарының тарихын қамтитын онтомдығын дайындау жолындағы он жыл бойғы ерен еңбегінің нәтижесін қорытындылады. Ғалымдар қауымы бұл «Көптомдықтың» ғылыми, танымдық, әлеуметтік-ғылыми және тарихи құндылығының бірегейлігін мойындап, жоғары бағалады. Ал Конференцияның келесі бір маңызды және мәртебелі жағы, «Көптомдықты» дайындау барысында көзіміз жеткен гуманитарлық ілім саласындағы ғылыми тұжырымдамамызды жария еттік: көшпелі қазақ қоғамының азаматтық және құқықтық мәдениеті қойнауында қалыптасқан қазақ билер соты ортақ (жалпы) мәдени құндылық қана емес, сонымен қатар өркениет тұрғысында аса маңызды институттық саяси-құқықтық жүйе болып табылады. Билер соты қандай тарихи кезең болмасын кез келген сот билігіне аса қажетті ұйымдастыру және моральдық қасиеттердің принциптерін өзінің құрылымы мен қызметінде дәріптеп, берік ұстана білді. Яғни, этно-генетикалық (азат өмір мен бостандыққа құштарлық) және өте қолайлы табиғи-географиялық (кең байтақ жайылымдық кеңістіктер), саяси-аймақтық (соғыстар, зұлымдық пен діншілдік жүйелерінен жырақта жатқандығы), әлеуметтік (рулық пен ұлыстық мүдделердің алға шығуы және қауымдастықтар), этно-мәдени (мейірімділік, әділеттілік күші мен шешендік өнері) ерекшеліктердің арқасында толыққанды тарихи-этникалық және тағылымды ортада тәлім алып, өркендеген қазақ билер соты аталмыш ерекшеліктерден де еңселі болды. Осындай тектілік пен мәнділіктің маңыздылығын айшықтап, гуманитарлық ілім саласына **«Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі»** деген мәртебелі сөзді енгізуге бағытталған бұл тұжырымдама Халықаралық ғылыми конференцияның басты тақырыбы болды.

Негізгі мәселені талқылау форумының қарсаңында біз жеке Компаниямыздың мүмкіндігі шеңберінде бір жыл бойы дайындық жұмыстарын жүргіздік. Бұл орайда, бізбен бірге конференцияны ұйымдастыруға жұмылған республиканың Жоғарғы Сотының қолдауы біз үшін зор көмек болғаны рас.

2007 жылы шілденің басында, яғни Конференция шақырылымынан 10 ай бұрын қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше тілдерде шақыру буклеті басылып, қатысушыларға жіберілді. Оған Конференция барысында талқыланатын идеялар мен сауалдардың жоспардағы тізімі енгізілген болатын. Көтерілетін мәселелердің жобасы мынадай еді:

1. Көрнекті орыс шығыстанушысы В.В. Григорьевтің (XIX ғ.) қазақ билерінің төрелігіне «кезінде өркениет еткен елдер қызыға қарар еді» деген сөзінің мәні мен мағынасын ашу;

2. Көшпелі қазақ қоғамында классикалық даму — алған билер төрелігінің тарихи, ұлттық және өркениет тұрғыдағы құндылығының дәйектемесі, генезисі.

3. Орта ғасырларда қазақтардың көшпелі қоғамындағы бостандық пен адамгершілік, ақиқат пен әділдік, қауымдастықтар ынтымағы мен табиғи азаматтық заңдылықтар принципін негізделген «Жарғы» құқықтар жинағы және билер төрелігінің қалыптасуы мен дамуындағы үндестік пен ерекшеліктері.

4. Тарихи деректемелерде «от ауызды, орақ тілді» сот қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар «заңгер, құқықтанушы және дала заңдылықтарын түсіндіруші» ретінде танылған қазақтың би-қазыларының болмысы мен мәртебесін айқындап беру;

5. Қазақтың «Жарғы» құқықтар жинағының дереккөздері мен билер төрелігіндегі ұстанымдарының негізін құраған: а) көршілес жартылай көшпелі, отырықшы түркі тілдес халықтар және жер игеру, қалалық, мұсылмандық заңдылықтары басым елдермен салыстырғанда демократиялық таңдаудың құқықтық нормаларының көшпелі қазақ қоғамындағы қалыптасу үрдісі мен ерекшелігі; ә) қазақ хандарының заң шығармашылығындағы қызметі (Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан және т.б.); б) Қазақтың «Жарғы» құқықтар жинағы мен билер төрелігінің дамуындағы билер сот прецедентінің рөлі мен мәні туралы;

6. Қазақ билер соты — ортақ (жалпы) мәдени құндылық;

7. Билер соты — қазіргі Қазақстандағы ұлттық идеялардың құрамдас тарихи құндылығы.

Талқыға түсетін базалық материалдар ретінде, 2007 жылдың орта шенінде «Қазақтың ата заңдарының» жоспарланған 10 томының 8-і жарыққа шығып үлгерген еді. Көлемі 40-тан 50 баспа табақ бетке дейін жеткен әр томда қазақтың «Жарғы» құқықтар жинағы мен билер соты жайлы дәлелді деректерге толы материалдармен қатар, ой-пікірлер, толғаныстар, көшпелі қазақ қоғамындағы билер төрелігі феноменін түсіну және түсіндіру талпыныстары

жарияланды. Бұған қосымша 2008 жылы С.З. Зимановтың «Қазақтың билер соты — бірегей сот жүйесі» атты монографиясы дайындалып, жарыққа шықты. Қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше төрт тілде жеке кітап болып шыққан монографияның көлемі 12,7 баспа бетті құрады. Бұл кітаптар түрлі елдерден шақырылған ғалымдарға табыс етіліп, және кейбір шетелдік кітапханаларға тапсырылды. Халықаралық ғылыми конференцияға орайластырылған аталмыш арнайы әдебиетпен қатар «Юрист» журналында, «Юридическая газета», «Қазақ», «Заң» газеттерінде жарияланған, әсіресе Конференция қарсаңында жиі жарық көрген көптеген ғылыми мақалаларды да есепке алыңыз. Дайындық іс-шаралары қатарында көрнекі жарнамалар мен жариялау жұмыстарында арнайы атаған жөн. Мәселен, Конференция басталар алдында, яғни 45 күн бұрын Алматы қаласының халық көп жүретін жерлеріне 6м × 4м көлеміндегі билбордтар орнатылды. Онда ХІХ ғасырдағы орыс авторларының қазақ билер соты жайлы айтқан «адамгершілігі мол сот», «ақиқаттың жаршысы» деген сөздері айшықталып тұрды. Бұл ақпараттық-жарнамалық қалқандар көптеген азаматтарды таңғалдырып, тамсандырғаны анық.

Ғылыми конференция мен онда көтерілген басты мәселе, әсіресе ғылыми қоғам мен Орта Азия республикалары және Ресей сот органдарының қызметкерлерінің үлкен қызығушылығына ие болды. Жапония, Қытай және Үндістаннан келген ғалымдар да белсенділік танытты. Өкінішке орай, Қазақстандағы Түркия елшілігін (елшінің өзін де) уақытылы түрде құлағдар етіп, Конференцияға орай жарық көрген басылымдардың бірнеше данасын, өз елінде таратуға арналған материалдарды табыстағанымызбен, түрік ғалымдарының тарапынан айтарлықтай ықылас байқалған жоқ деуге болады (тек арнайы, жекеше түрде шақырылған бір ғана қатысушы болды).

Конференция пленарлық тәртіпте өтті. Және ұйымдастырушы екі мекеменің жетекшілері кезекпен төрағалық етті: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасы, заң ғылымдарының докторы Мәми Қ.Ә. және «Интеллектуал — Парасат» заң компаниясының Бас директоры, заң ғылымдарының докторы, ҚР ҒА академигі Зиманов С.З.

Конференцияға 256 адам қатысты, оның 37-сі заң, тарих, филология, философия және экономика ғылымдарының докторы, 35-і қазақстандық ғылым кандидаттары, сонымен қатар 19-ы шетелдік ғалым. Солардың ішінде: а) Қазақстаннан — Ғылым академиясының 12 академигі, 5 университет ректоры, ғылыми-зерттеу институттарының 7 директоры; ә) шетелдерден: Ресейден — 7, Жапониядан — 2, Үндістаннан — 2, Қытайдан — 2, Англиядан — 1, Түркиядан — 1, Орта Азия республикаларынан — 4 адам.

Конференцияның маңыздылығын арттыра түскен қатысушылар Республиканың Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Рогов И.И. (баяндама жасаған еді), Республиканың Әділет министрі Балиева З.Я. (олар екеуі де екі күн бойы қатысты), Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Төрағасының жеке өкілі Лебедев В.М., басқа да мәртебелі қонақтар болды. Олар: Сауд Арабиясы Патшалығының Әділет министрі Аш-Шейх Абдалла мырза, Тәжік Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Абдуллоев Н.А.

Алдына ала жазбаша баяндамаларын ұсынып, конференцияға қатысуға тілек білдірген 72 өтініш келіп түссе, соның ішінен пленарлық отырыста 53 адам баяндама жасады. Конференция өтісімен-ақ, ақпараттық хабарламалар ізімен, Конференция ұйымдастырушыларының атына көптеген мақалалар келіп жатты, соның арасындағы құнды және ғылыми еңбектерді Конференция материалдарының қатарына қосуымызды өтінгендері де болды. Материалдардың барлығына сараптама жасап, кейбірі «Көптомдықтың» осы томына енгізілді.

II

Өзіндік ұстанымы бар, әртүрлі пікірдегі ғалымдар мен зерттеушілердің, сонымен бірге сот және басқа да тәртіп қорғаушы органдар қызметкерлерінің басын қосқан конференцияға қатысқандар қорытынды Ұсынысты қабылдады. Бұл Ұсыныста олар ХІХ ғасырдағы бақылаушылардың тарапынан жоғары бағаланып, «Адамгершілігі мол сот» атанған қазақ билер сотының өз қызметінде адамның бостандығы мен адамгершілікті, әділдікті, сайыс түріндегі ерекшелік пен халықтықты ұстанған сот төрелігінің нұсқасы болып танылғандықтан, ортақ (жалпы) мәдени құндылық ретінде мойындалуға лайық екендігін алға тартқан баяндамаларда көтерілген негізгі идеяларды бірауыздан қолдады. Конференцияға қатысушылар Қазақ билер сотының сот төрелігі саласындағы тарихи стандарттардың біріне айналу мүмкіндігін мүлт жібермеу үшін бұл мәселені бұдан да терең, тыңғылықты және кешенді түрде зерттеу керектігін айтты.

Конференция Ұсынысында бостандық пен адамгершілікке негізделген қазақ билер сотының бірегейлігі туралы қазақстандық ғалымдар тарапынан туындаған ғылыми тұжырымдама мемлекеттік-құқықтық ғылым саласындағы аса маңызды, жоғары дәрежелі оқиға болып табылатындығы атап көрсетілді. Конференцияға қатысушылар билер сотының идеялары мен тәжірибелері тек Қазақстан Республикасының ғана емес, өзге елдердің де заң саласын, сот және басқа да тәртіп қорғаушы органдарының қызметін дамытып, жетілдіруге үлкен үлесін қоссын деген тілектерін білдірді. Олар аталмыш мәселені тереңірек зерттеуге бағытталған жобаларды іске асыру жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі жан-жақты қолдау жасап, қажетті көмек береді деген үміттерін де жасырмады.

Қазақтың «Жарғы» құқықтар жинағы мен Билер сотын тереңірек және кешенді түрде зерттеу ісі Республикамыз үшін өзекті, әрі мәртебелі екендігін ескере отырып, Халықаралық ғылыми конференцияның Ұсыныстарын іске асыру барысында 2008 жылдың 16 қазанында Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне істің мән-жайын баяндайтын ресми хат жолдаған болатынмын. Онда Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қазақтың ата заңдары» мәселесімен айналысып жатқан «Интеллектуал-Парасат» Заң компаниясының зерттеу тобы қазақ билер сотының бірегей соттық жүйесі жалпы өркениет үшін өте маңызды болып табылатыны туралы тұжырымның негізін қалап, ерекше ғылыми идея ұсынғаны жайында айтылды. 2008 жылдың

22—23 мамырында Алматы қаласында өткен «Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференция осы идеялық-теориялық тұжырымдаманы талқылауға арналғанын, оны Республиканың Жоғарғы Соты мен «Интеллектуал — Парасат» заң компаниясы ұйымдастырғанын, алыс және жақын шетелдерден беделді ғалымдар мен әділет органдарының басшылары бас қосқан ғылыми іс-шараға 256 адам қатысып, оның 16-сы әділет саласындағы қызметкерлер мен ТМД-ның өзінен 39 доктор мен профессорлар келгендігін анықтап жазған едім. Және ғылыми конференцияға қатысушылар бір ауыздан біздің ғылыми-теориялық тұжырымдамамызды гуманитарлық ілім тұрғысынан алғанда аса бағалы екендігін, ал Республикамыз үшін абыройлы болатындығын мойындағанын ескерттім.

Үкіметке жолданған хатта шұғыл түрде және кейінгі уақыттарда орындалуы тиіс тапсырмалардың жоспарымен қатар, конференцияға қатысқан ғалымдардың ұсыныстарын іске асырып, оң нәтижесін қамтамасыз ететін ұйымдастыру іс-шараларын қолға алу керектігі де сөз болды. Кейінгі уақыттағы іс-шаралар мен тапсырмалардың басты мақсаты — 2012 жылға жоспарланған «Қазақ билер соты: ортақ (жалпы) мәдени құндылық және оның негізін қалаушы принциптері» атты екінші Халықаралық ғылыми конференцияның шақырылымына дайындалу. Оны Жоғарғы Сот, Әділет министрлігі, Республиканың Білім және ғылым министрлігі жұмылып, ұйымдастыра алар еді. Ал оның басты ұйымдастырушысы Үкімет болса тіпті жақсы. Не дегенмен, келесі конференция үкіметтік деңгейде өткізіліп, Еуропа, Азия және Африканың алдыңғы қатарлы елдерінен жоғарғы соттар мен әділет министрліктері өкілдерінің басын қосуы тиіс. Дайындық іс-шаралары шеңберінде «Билердің сот төрелігі мен қазақтың «Жарғы» жинағы» атты мемлекеттік зерттеу мекемесі (орталық немесе лаборатория) ұйымдастырылса, бірқатар зерттеу жобалары жасалып, осындай атаумен 2010 жылдан бастап жылына үш реттен халықаралық журнал шығып тұрса, жоғары оқу орындарында (заң, тарих факультеттерінде) «Билердің сот төрелігі — бірегей сот жүйесі» атты оқу курсы енгізілсе және т.б. игі істер қолға алынса екен деген ойларымыз бар. Шұғыл түрдегі іс-шаралар мен тапсырмаларға келсек, «Интеллектуал — Парасат» заң компаниясының бұрыннан қалыптасқан зерттеу тобының күшімен 2009 — 2011 жылдары бірқатар зерттеу жобаларын жасамақпыз: (олардың тізімін жоғарыда атадық).

Жолданған хат мынадай сөздермен түйінделді: «Құрметті Премьер-Министр, менің Сізден өтінерім, өз билігіңіз бен беделіңізді пайдаланып: а) алдағы тендерлік таңдау мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіндегі 2009 — 2011 жылдарға жоспарланған ғылыми жобаларды қарау уақытында біз ұсынған үш ғылыми жобаға қажетті қаражат бөлінсе екен; ә) Ортақ (жалпы) мәдени маңыздылығы бар «Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі» деген ғылыми тұжырымдаманы тұғырлы ету мақсатымен кейінгі уақыттарға белгіленген тапсырмаларды іске асыру жоспарын тыңғылықты, әрі тиянақты етіп жасау үшін қажетті мекемелерге нұсқаулар берілсе екен.

III

Сонымен, он томды қамтыған «Қазақтың ата заңдарын» дайындау және жарыққа шығару ісі «Интеллектуал — Парасат» атты қарапайым ғана жеке заң компаниясының күшімен өз мәресіне жетіп қалды. Ал атқарылған жұмыстың «қарапайым» еместігі анық. Ол Орта Азияның ауқымды аймағын жайлаған көшпелі қазақтардың саяси-құқықтық тарихын айшықтайтын іргелі еңбекке айналды. Шындығында, халық тарихы үшін мұның өзі аса бағалы және құнды. Алайда, бұл еңбектің маңыздылығы этно-ұлттық шеңберден шығып кеткендігі рас.

Бұл жұмыстағы материалдар мен оған енгізілген зерттеу көріністерінде көшпелі қазақтардың адамның мүддесі мен рухани қасиеттері қастерленген саяси-құқықтық өмірін ұйымдастыра білгендер бейнеленді. Олар сырт көз «адамгершілігі мол сот», «ақиқат жаршылары» деп атап кеткен, «кезінде өркениет еткен елдерді қызықтыра алатын» билер сотында алғырлық танытып, жүйелі сөз айтатын.

Көшпелі қазақтардың ежелгі өмір салты жайлы іргелі еңбекті дайындап, жарыққа шығару жолындағы зерттеулердің алғашқы нәтижесі іспеттес болған «Қазақ билер соты — бірегей сот жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференциясын ұйымдастыруды кездейсоқ ойластырған жоқпыз. Конференциядағы материалдардың құндылығын негізге ала отырып, оларды «Көптомдықтың» X томына енгіздік. Ондағы пікірлер мен ой-толғамдар, өз кезегінде, зерттеу жұмыстарының аясын одан әрі кеңейте түсетініне сенім мол.

Он жылға жуық уақытты алған Көптомдықты шығару жұмыстарының барысында біз Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасы, заң ғылымдарының докторы Мәми Қайрат Әбдіразақұлының, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, заң ғылымдарының докторы Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлының, «Самұрық — Қазына» холдингінің Басқарушы директоры (басқарма мүшесі), заң ғылымдарының докторы Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлының қолдауы мен қомақты көмегін айқын сезіндік. Үкіметте жұмыс істеген кезінде, әсіресе Алматы қаласының әкімі болған шағында шығармашылық топқа талай рет қол ұшын берген саясат ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлының біздің жұмысымызға деген оң көзқарасы мен қызығушылығын атап өткім келеді. Ол Конференция қарсаңында баспа өнімдерін басып шығаруға көмектесті. Және Астана қаласындағы (2008 ж., сәуір) жаңа жұмыс орнына ауысып, жол жүргелі тұрғанда ол ғылыми Конференцияға қажетті көрмелік жабдықтарды дайындауға арнайы нұсқау берді: Алматы қаласындағы халық көп жүретін қиылыстарда билборд (көлемі 4м × 6м), отырыс залына баннер (көлемі 2,5м × 6м), конференция өткізілген «Алатау» шипажайының кіре берісіне көрнекті панно орнатылды.

Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық ғылымына салмақты да, салиқалы және аса жауапты тапсырма жүктелуде: Қазақ билер соты — бұл бірінші кезек-

те «адамгершілігі мол сот» болғандықтан, әлем өркениеті үшін маңыздылығы зор мәдени мұра болып табылатындығы жайлы жаңа идеяны ғылыми тұрғыда қалыптастырып, дәйектеп берген біздің тұжырымдамамызды одан әрі тереңірек зерттеп, дамыту қажет. Ғылым үшін де, Республикамыз үшін де бұл мәселе өте маңызды, аса мәртебелі болып табылады, сондықтан оны ынталы топтың немесе жекелеген ғалымдардың «талқысына» салып қоймай, міндетті түрде мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналдыру керек.

Предисловие

Последний, X том — «Қазақтың ата заңдары» — «Древний мир права казахов» почти всецело посвящен Международной научной конференции «Казахский суд биев — уникальная судебная система». Она была организована Юридической компанией «Интеллектуал — Парасат» совместно с Верховным Судом Республики и состоялась 22 — 23 мая 2008 года в санатории «Алатау», в пригородном районе г. Алматы. Конференция была примечательна и событийна в двух отношениях. С одной стороны, она подвела итоги той огромной работе, которая была проделана коллективом сотрудников Юридической компании «Интеллектуал — Парасат» за прошедшие десять лет по подготовке Десятитомника по истории казахского права в материалах, документах и исследованиях. Этот «Многотомник» по научной, познавательной, социально-культурной и исторической ценности собранных и содержащихся в нем материалов признан научной общественностью уникальным. С другой стороны, что весьма важно и престижно, на обсуждение Конференции выносилась новая научная концептуальная гипотеза в области гуманитарного знания, обоснованная и сформированная нами в ходе подготовки и разработки «Десятитомника» о том, что казахский суд биев, утвердившийся в недрах гражданской и правовой культуры кочевого общества казахов, имеет общекультурную ценность и является институциональной политико-правовой структурой общецивилизационного значения. Суд биев провозгласил и воплотил в своей реальной деятельности фундаментальные принципы моральных и организационных ценностей, столь необходимых для судебной власти без различия исторических эпох. Речь идет о том, что в силу этногенетических (вольность, свободолюбие) и особо благоприятных природно-географических (огромное и раздольное пастбищное пространство), регионально-политических (в стороне от военных потрясений и деспотических, клерикальных режимов), социальных (общность и преобладание племенных и улусных интересов), этнокультурных (сила добра, справедливости и искусство красноречия) особенностей, казахский суд биев, воспитанный и выращенный в такой идентичной историко-этнической и нравственной среде, сумел вобрать и выразить ценностное духовное и материальное начало этих условий и таким образом подняться выше этих условий. Исходя из особой важности, эта концептуальная идея, претендующая на роль нового слова в области гуманитарного знания, а именно «Казахский суд биев — уникальная судебная система», представляла главную тематику Международной научной конференции.

Форум обсуждения проблемы организационно готовился более или менее тщательно нашей частной Компанией в меру ее предельных возможностей за год до его созыва. На этом подготовительном этапе помощь и поддержка второго участника — организатора Конференции — Верховного Суда Республики были кстати и ощутимы.

В начале июля 2007 года, т.е. за 10 месяцев до созыва Конференции, был отпечатан, размножен буклет — приглашение на 4-х языках: казахском, русском, английском и турецком и был разослан предполагаемым участникам. В нем содержался примерный перечень идей и вопросов, выносимых на обсуждение Конференции и на которые ориентировались бы желающие принимать участие в ее работе. Эти требования были следующие.

1. Раскрыть суть и значение высказывания крупного русского востоковеда В.В. Григорьева (XIX век) о том, что правосудию казахских биев «могли бы позавидовать ранее цивилизовавшиеся народы».

2. Генезис, обоснование исторической, национальной и цивилизационной ценности правосудия биев в эпоху его классического развития в кочевом обществе казахов.

3. Общее и особенное в формировании и развитии казахского права «Жарғы» и правосудия биев в кочевом обществе казахов в средние века, основанных на принципах свободы и гуманизма, правды и справедливости, консолидации общества и на естественно-гражданской законности.

4. Воссоздание фигуры и статуса казахских биев-судей, прозванных в исторических источниках как судебных деятелей «от ауызды, орақ тілді» — «искусных ораторов», одновременно являвшихся «и юристом, законоведом, и толкователем степных законов».

5. Составляющие источники казахского права «Жарғы» и принципы бийского правосудия: а) обычно-правовые нормы демократического выбора и особенности их формирования в кочевом обществе казахов по сравнению с нормами полукочевых, оседлых соседних тюрко-язычных народов и стран с преобладанием земледельческого, городского и мусульманского права; б) законотворческая деятельность казахских ханов (Касым хана, Есим хана, Тауке хана, Абылай хана и др.); в) о роли и значении бийского судебного прецедента в развитии казахского права «Жарғы» и правосудия биев.

6. Казахский суд биев — общекультурная ценность.

7. Суд биев — составляющая историческая ценность национальных идей современного Казахстана.

В качестве базовых материалов для обсуждения, к середине 2007 года были уже изданы 8 томов из 10 запланированных «Қазақтың ата заңдары» — «Древний мир права казахов», объем каждого из которых составлял от 40 до 50 печатных листов. В них содержались: богатый фактический материал о казахском праве «Жарғы» и о судах биев, а также суждения, размышления, попытки понять и объяснить феномен правосудия биев в кочевом обществе казахов. Допол-

нительно к этому в начале 2008 года была подготовлена и издана монография С.З. Зиманова «Казахский суд биев — уникальная судебная система», объемом 12,7 п.л. на 4-х языках отдельными книгами: на казахском, русском, английском и турецком. Она была разослана предполагаемым и поименно приглашенным ученым разных стран и в некоторые зарубежные библиотеки. К этой специальной литературе, приуроченной к Международной научной конференции, можно еще добавить довольно значительное количество научных статей, опубликованных особенно регулярно накануне Конференции в журнале «Юрист», в газетах «Қазақ», «Заң», «Юридическая газета». В числе других мероприятий по подготовке к Конференции следует указать на наглядные рекламные и оповестительные меры как, например, на установку биллборда размером 6м × 4м на оживленных местах г. Алматы за 45 дней до начала работы Конференции. На нем выделялись слова русских авторов XIX века о том, что казахский суд биев — это «Суд высокой морали», «Глашатай правды». Этот огромный рекламно-информационный щит вызывал восторг и удивление у многих горожан.

Научная конференция и ее проблематика вызвали значительный интерес особенно среди части научной общественности и работников судебных органов Республик Центральной Азии и России. Откликнулись и были активны отдельные ученые Японии, Китая и Индии. К сожалению, несмотря на своевременные оповещения посольства (в частности, и посла) Турции в Казахстане, с предоставлением нескольких экземпляров, опубликованных к Конференции изданий и материалов для распространения у себя, в стране, заметного отклика со стороны турецких ученых, можно сказать, не было (был только один участник, персонально приглашенный).

Конференция работала в режиме пленарных заседаний (без секции). На ней поочередно председательствовали руководители двух учреждений — организаторов: председатель Верховного Суда Республики Казахстан, доктор юридических наук К.А. Мами и Генеральный директор Юридической компании «Интеллектуал — Парасат», доктор юридических наук, академик АН РК С.З. Зиманов.

В работе Конференции принимали участие 256 человек, из них 37 докторов юридических, исторических, филологических, философских и экономических наук, 35 кандидатов наук только из Казахстана, а также 19 иностранных ученых. Среди них: а) из Казахстана — 12 академиков Академии наук Республики, 5 ректоров университетов, 7 директоров научно-исследовательских институтов; б) из зарубежных стран: из России — 7, из Японии — 2, из Индии — 2, из Китая — 2, из Англии — 1, из Турции — 1, из Республик Центральной Азии — 4 чел.

